

Кедендік декларацияны беру оған қатысты Кеден одағының "Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштер мен технологиялық қосалқы заттардың қауіпсіздік талаптары" (КО ТР 029/2012) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты (сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді) ұсынумен сүйемелденетін өнімдердің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 175 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы Хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 Шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде оған қатысты міндетті талаптар белгіленетін өнімді (тауарларды) Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 8 қазандағы № 172 Шешімімен бекітілген Кедендік декларацияны беру оған қатысты Кеден одағының "Тағамдық қоспалардың, хош иістендіргіштер мен технологиялық қосалқы заттардың қауіпсіздік талаптары" (КО ТР 029/2012) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты (сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді) ұсынумен сүйемелденетін өнімдердің тізбесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

- а) 1-позициядағы "3503 00-ден" деген сөздер алынып тасталсын;
- б) 5-позициядағы "2934 99 900 0-ден" деген сөздер "2934 99 800 0-ден" деген сөздермен ауыстырылсын;
- в) 14-позициядағы "2106 90 590 0-ден 2106 90 980 9-дан" деген сөздер "2106 90 580 0-ден 2106 90 980 8-ден" деген сөздермен ауыстырылсын;
- г) 48-позициядағы "3402 11 900 0-ден" деген сөздер "3402 31 000 0-ден 3402 39 000 0-ден" деген сөздермен ауыстырылсын;
- д) 2-графадағы 55-позиция мынадай редакцияда жазылсын:
"3808 59 000 5 3808 92 800 0 3808 94 800 0-ден";
- е) 57-позициядағы "3907 20-дан" деген сөздер "3907 21 000-нан 3907 29-дан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК